

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 қазандағы N 998 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің
2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қауіпсіздігі міндеттерін шешуге ғарыш технологиялары мен техникасының қосатын үлесін күшейту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., N 1, 1-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасында:

"1. Бағдарламаның паспорты" деген бөлімде:

"Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері" деген кіші бөлімде:

"44364,3", "44064,3", "1732,6" деген цифрлар тиісінше "62768,72", "62468,72", "2232,6" деген цифрлармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"МИГ-31Д" ұшағының базасында "Есіл" авиациялық зымыран-ғарыш кешенін құруға байланысты қаржы шығындары 18404,422 млн. теңгені құрайды, оның ішінде 2005 жылы - 500 млн. теңге, 2006 жылы - 1000,0 млн. теңге, 2007 жылы - 16904,422 млн

т е ң г е ; " ;

"Күтілетін нәтижелер" деген кіші бөлімнің 2) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"МИГ-31Д" ұшағының базасында "Есіл" авиациялық зымыран-ғарыш кешенін құру;

"2. Кіріспе" деген бөлім мынадай мазмұндағы жиырма үшінші абзацпен толықтырылсын:

"АЗҒК - авиациялық зымыран-ғарыш кешені";

"5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетігі" деген бөлімнің 5.1-кіші бөлімі 5.1.2-тармағының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"МИГ-31Д" ұшағының базасында "Есіл" авиациялық зымыран-ғарыш кешенін құру жолымен жүзеге асырылады.";

"Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері" деген 6-бөлімде:

ресттік нөмірі 2-жолда "Республикалық бюджет қаражаттары (млн. теңге)" деген бағандағы "30670,6" деген цифрлар "49075,02" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"Барлығы" деген жолда "Республикалық бюджет қаражаттары (млн. теңге)" деген бағандағы "44064,3" деген сандар "62468,72" деген сандармен ауыстырылсын;

мәтінде:

бірінші, екінші және бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламаны іске асыруға байланысты қаржы шығындары барлығы 62768,72 млн. теңгені құрайды.

Республикалық бюджет барлығы 62468,72 млн. теңге, оның ішінде 2005 жылы - 14861,2 млн. теңге.";

"Республикалық бюджеттен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қамтамасыз етуге арналған қаржы шығындары 5582,1 млн. теңгені құрайды, оның ішінде 2005 жылы - 2179,9 млн. теңге, 2006 жылы - 2232,6 млн. теңге, 2007 жылғы - 1169,6 млн. теңге. Көрсетілген жұмыс түрлеріне 300 млн. теңге мөлшерінде инвестицияларды тарту жоспарланып отыр, оның ішінде 2005 жылы - 150 млн. теңге, 2006 жылы - 150 млн. теңге.";

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"МИГ-31Д" ұшағының базасында "Есіл" авиациялық зымыран-ғарыш кешенін құруға байланысты қаржы шығындары 18404,422 млн. теңгені құрайды, оның ішінде 2005 жылы - 500 млн. теңге, 2006 жылы - 1000,0 млн. теңге, 2007 жылы - 16904,422 млн. теңге.";

"7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер" деген бөлім мынадай мазмұндағы жиырма алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"МИГ-31Д" ұшағының базасында "Есіл" авиациялық зымыран-ғарыш кешені құрылады."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК